


**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т.Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

24.07.2016 № 05-02-1406

**Т.Рысқұлов ауданының білім
бөліміне қарасты білім беру
ұйымдарының басшыларына!**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі сізге зорлық-зомбылықтың құрбандары және куәгерлері болып табылатын балалармен жұмыс жүргізу және оларды сүйемелдеудің бірыңғай ведомствоаралық хаттамасын жұмыс жүргізу үшін жолдайды.

Қосымша: 10 бет.

Басшының м.а.



А. Беделбаев

**КАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ**

080000, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80
тел.: 8 (7262) 99 70 48
электрондық мекенжай: j.dvdtaraz@mvd.gov.kz

20 ж. _____

№ _____



**МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

080000, город Тараз, улица Желтоқсан, 80
тел.: 8 (7262) 99 70 48
электронный адрес: j.dvdtaraz@mvd.gov.kz

**Жамбыл облысы әкімінің
орынбасары
С.Ж. Салемовке**

**Жамбыл облысы әкімдігі
білім басқармасының басшысы
Н.А. Оршыбековке**

Қазақстан Республикасында «Балалар Қазақстаны» 2026–2030 жылдарға арналған бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 72-тармағын орындау мақсатында Сіздің атыңызға зорлық-зомбылықтың құрбандары және куәгерлері болып табылатын балалармен жұмыс жүргізу және оларды сүйемелдеудің бірыңғай ведомствоаралық хаттамасын әзірлеу бойынша ұсыныстар жолданады.

Аталған іс-шараларды іске асыру профилактикалық превентивтік шараларды қабылдауға, жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық деңгейін төмендетуге, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша өтетін, оның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәгерлері болған кәмелетке толмағандармен білім беру ұйымдарының психологтары мен әлеуметтік қызметкерлерінің тиісті жұмысын ұйымдастыруға бағытталған.

Бірыңғай хаттаманы енгізу мүдделі мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын үйлестіруге, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қорғау мен қолдауды қажет ететін балаларды уақтылы анықтап, оларды сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, жолданған ұсыныстарды қарастырып, нәтижелері туралы белгіленген тәртіппен ақпарат берулеріңізді сұраймыз.

Қосымша: 4 парақта.

**ПД ҚКБ бастығы
полиция подполковнигі**

М.Абдикаримов

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ ЖӘНЕ КУӘГЕРЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ХАТТАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Хаттама зорлық-зомбылықтың құрбандары және куәгерлері болып табылатын балаларды анықтау, тіркеу, сүйемелдеу және олардың құқықтарын қорғау кезінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылының бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Хаттама:

- баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- психологиялық, медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмекті уақтылы көрсетуге;

- қайталама психологиялық жарақаттануды азайтуға;

- уәкілетті органдардың іс-қимылдарын үйлестіруге бағытталған.

3. Хаттама ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін қолданылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

Хаттаманың мақсаты – зорлық-зомбылықтың құрбандары және куәгерлері болып табылатын балаларды кешенді ведомствоаралық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

1) зорлық-зомбылық фактілерін уақтылы анықтау;

2) жедел әрекет ету және баланы қорғау;

3) білікті көмек көрсету;

4) барлық қатысушылардың іс-қимылдарын үйлестіру;

5) қайталама виктимизацияның алдын алу;

6) баланы толық тұрақтанғанға дейін барлық кезеңдерде сүйемелдеу.

3. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл қатысушылары

Хаттаманы іске асыруға:

- ішкі істер органдары;

- білім беру ұйымдары;

- денсаулық сақтау ұйымдары;

- әлеуметтік қорғау органдары;

- кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау

жөніндегі комиссиялар;

- психологиялық қызметтер;

- өзге де мүдделі ұйымдар қатысады.

4. Жұмыс қағидаттары

Негізгі қағидаттар:

- баланың мүддесінің басымдығы;
- ақпараттың құпиялылығы;
- қайталама жарақаттануға жол бермеу;
- ведомствоаралық өзара іс-қимыл;
- жедел әрекет ету;
- жеке тәсіл.

5. Анықтау және бастапқы әрекет ету тәртібі

Зорлық-зомбылық фактілері:

- ішкі істер органдары қызметкерлерімен;
- медицина қызметкерлерімен;
- педагогтар мен психологтармен;
- өзге тұлғалармен анықталуы мүмкін.

Зорлық-зомбылық белгілері анықталған кезде:

- 1) баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылданады;
- 2) ақпарат ішкі істер органдарына беріледі;
- 3) қажет болған жағдайда шұғыл медициналық көмек көрсетіледі;
- 4) ведомствоаралық өзара іс-қимыл басталады.

6. Тіркеу және есепке алу

Барлық фактілер белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркелуге жатады.

Ведомствоаралық іс (сүйемелдеу досьесі) қалыптастырылады, оған:

- бала туралы мәліметтер;
- анықтау мән-жайлары;
- мамандардың қорытындылары;
- қабылданған шаралар;
- сүйемелдеу жоспары енгізіледі.

7. Балаға көмек көрсету

Балаға кешенді көмек көрсетіледі:

- 1) медициналық көмек (қажет болған жағдайда);
- 2) психологиялық көмек (дағдарыстық, түзету);
- 3) әлеуметтік қолдау;
- 4) құқықтық қорғау;
- 5) педагогикалық сүйемелдеу.

Жұмыс баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі.

8. Отбасымен (занды өкілдермен) жұмыс

Келесі жұмыстар жүзеге асырылады:

- ата-аналарға (занды өкілдерге) кеңес беру;
- отбасылық жағдайды бағалау;
- қажет болған жағдайда әлеуметтік сүйемелдеу;
- құқықтар мен міндеттерді түсіндіру.

9. Жеке сүйемелдеу жоспары

Әрбір балаға Жеке сүйемелдеу жоспары (ЖСЖ) әзірленеді, оған:

- мақсаттар мен міндеттер;
- іс-шаралар тізбесі;
- жауапты орындаушылар;
- іске асыру мерзімдері;
- тиімділік көрсеткіштері енгізіледі.

ЖСЖ ведомствоаралық жұмыс тобының шешімімен бекітіледі.

10. Ведомствоаралық үйлестіру

1. Осы Хаттаманы іске асыруды үйлестіру үшін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылады.

2. Жұмыс тобына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыс, қала, аудан) әлеуметтік салаға жетекшілік ететін әкімінің орынбасары басшылық етеді.

3. Жұмыс тобының қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету және ведомствоаралық хаттаманы жүргізу (жағдайларды тіркеу, тізілім жүргізу, шешімдерді рәсімдеу, орындалуын бақылау):

- білім беру саласындағы уәкілетті органға (тиісті білім басқармасына), немесе
- әкімдік айқындайтын уәкілетті ұйымға жүктеледі.

4. Жұмыс тобының хатшысы білім беру органының қызметкерлері қатарынан тағайындалады және:

- отырыстарға материалдар дайындауды;
- хаттамаларды жүргізуді;
- шешімдер мен тапсырмаларды тіркеуді;
- қатысушыларды хабардар етуді;
- орындалу мерзімдерін бақылауды қамтамасыз етеді.

5. Қажет болған жағдайда жұмыс тобының құрамына:

- ішкі істер органдарының;
- денсаулық сақтау ұйымдарының;
- әлеуметтік қорғау органдарының;
- кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың;
- психологиялық қызметтердің және өзге де ұйымдардың өкілдері енгізіледі.

6. Жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет, ал шұғыл жағдайларда дереу өткізіледі.

7. Жұмыс тобының функциялары:

- әрбір жағдайды қарау;
- міндеттерді бөлу;
- ЖСЖ орындалуын бақылау;
- түзету шешімдерін қабылдау.

11. Сүйемелдеу мерзімдері

Сүйемелдеу:

- дағдарыстық кезеңде — дереу;
- кейінгі кезеңде — баланың жағдайы толық тұрақтанғанға дейін;
- қажет болған жағдайда — ұзақ мерзімде (12 айға дейін және одан да көп) жүзеге асырылады.

12. Мониторинг және бақылау

Тұрақты мониторинг жүргізіледі:

- баланың жағдайына;
- қабылданған шаралардың тиімділігіне;
- ЖСЖ орындалуына.

Сонымен қатар:

- ай сайынғы талдау;
- тоқсан сайын тиімділікті бағалау;
- ведомствоаралық кеңестер өткізіледі.

13. Сүйемелдеуді аяқтау

Сүйемелдеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

- баланың психоэмоционалдық жағдайы тұрақтанғанда;
- қауіп факторлары жойылғанда;
- әрі қарай ведомствоаралық араласудың қажеттілігі болмағанда.

Сүйемелдеуді аяқтау туралы шешім ведомствоаралық жұмыс тобымен қабылданады.

14. Қорытынды ережелер

Осы Хаттама ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

Хаттаманың орындалуын бақылау уәкілетті органдармен өз құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

Жұмыс түрлері	Қысқартылған	Саны
Толық тексеріс	31	1
Көрсеткіш	2	1
Жұмыс беруші	1	1
Көрсеткіш	-	-
Үлгі-нормалар	-	-
Көрсеткіш	-	-